

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

В Е С Т Н И К

**ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА
ГОРОДА СЕМЕЙ**

Ғылыми журнал

Научный журнал

№ 4(80)2017

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**ТЕХНИКА, БИОЛОГИЯ, АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҚ, ВЕТЕРИНАРИЯ, ТАРИХ,
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**

Куәлік № 13882-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады

ISSN 1607-2774

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор – Ескендіров М.Ғ., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Әмірханов Қ.Ж., техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Әпсәлямов Н.А., экономика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Атантаева Б.Ж., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Исакова Г.К., саяси ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Вашукевич Ю.Е., экономика ғылымдарының докторы, профессор (Ресей, Иркутск); Дүйсембаев С.Т., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Еспенбетов А.С., филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Кешеван Н., PhD, профессор (Англия, Лондон); Молдажанова А.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Астана); Рскелдиев Б.А., техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Алматы); Тоқаев З.Қ., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Кәкімов А.Қ., техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Панин М.С., биология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Рақыпбеков Т.Қ., медицина ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей); Кожебаев Б.Ж., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы (Қазақстан, Семей).

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор – Ескендіров М.Г. – доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Амирханов К.Ж., доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей); Апасялимов Н.А., доктор экономических наук, профессор (Казахстан, Семей); Атантаева Б.Ж., доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей); Исакова Г.К., доктор политических наук, профессор (Казахстан, Семей); Вашукевич Ю.Е., доктор экономических наук, профессор (Россия, Иркутск); Дюсембаев С.Т., доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей); Еспенбетов А.С., доктор филологических наук, профессор (Казахстан, Семей); Кешеван Н., PhD, профессор (Англия, Лондон); Молдажанова А.А., доктор педагогических наук, профессор (Казахстан, Астана); Рскелдиев Б.А., доктор технических наук, профессор (Казахстан, Алматы); Тоқаев З.К., доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей); Какимов А.К., доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей); Панин М.С., доктор биологических наук, профессор (Казахстан, Семей); Рахыпбеков Т.К., доктор медицинских наук, профессор (Казахстан, Семей); Кожебаев Б.Ж., доктор сельскохозяйственных наук (Казахстан, Семей).

4. Четвертакова, Е. В. Породные особенности биотехнологических показателей спермы быков-производителей по сезонам года // Вестник Красноярского государственного университета. – 2012 г. - № 10. – с.127-133
5. Gunn P.J, Schoomaker J.P, Lemenager R.P, LIVESTOCK SCIENCE Tom: 89, release: 12, P..435-448 Sep 2014
6. Порфирьев, И.А. Репродуктивные качества и адаптационная способность быков-производителей голштинской и красnodатской пород в условиях Алтай края / И. А. Порфирьев, Сот. Сун, И. Е. Рабинович // С-х. биология. – 2003. – № 4. – с. 62-68
7. Воспроизводство крупного рогатого скота: Учебное пособие / А.М. Гавриков, В.И. Лебедев, В.П. Белоножкин, Т.Е. Тарадайкин, А.П. Пыжов, Г.В. Ескин, Ю.В. Саморуков, Н.И. Попов // – Москва. 2010. – 286 с.
8. Зенков, П.М. Зависимость качества спермопродукции быков-производителей от генотипа и сезона года / Зенков П.М., Белоусов А.М // Вестник российской с/х науки. – 2009. – № 5. – с. 76 - 77

**ЕТТІ ІРІ ҚАРА ТҰҚЫМЫ ӨНДІРУШІ БҰҚАЛАРЫНЫҢ ҰРЫҚӨНІМДІЛІК
КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ МАУСЫМДЫҚ ӨЗГЕРГІШТІГІ**
Н.Ж. Қажғалиев, А.Б. Маханбетова, С.Б.Майгарин

Мақалада жыл мезгілінің маусымына байланысты өндіруші бұқалардың бес жыл қолданыстағы зерттеу нәтижелеріне, және де ұрық өндірушілік қасиетінің сапалық және сандық көрсеткіштерінің маусымаралық айырмашылықтарымен, етті ірі қара тұқымының бұқаларының жеке және тұқымдық ерекшеліктеріне сипаттама берілген.

**SEASONAL CHANGEABILITY OF INDEXES OF THE PRODUCTIVITY OF BULLS-
PRODUCERS OF MEAT BREEDS**

N.Zh. Kazhgaliev, A.B. Makhanbetova, S.B. Maygarin

In the article research results are described for five years of the use of bulls-producers on the seasons of year, and also interseasonal distinctions of quality and quantitative indexes of the productivity, individual and pedigree features of bulls-producers of meat breeds.

FTAXP: 68.637.115

Т.Ш. Асанбаев¹, А.А. Теміржанова¹, К.Х. Нұржанова², А.С. Смаил¹

¹С.Торайғырова атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

**БИЕЛЕРДІ САУУ ЖИЛІГІ МЕН ЖЕЛІНГЕ ЖАСАЛАТЫН МАССАЖДЫҢ СҮТ
ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ**

***Аңдатпа:** Мақалада желінге массааж жасау арқылы ынталандыру сүт безінің жақсы дамуына, сауынның артуына және сүт майлылығының жоғарлатуына мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қоса, биелерді сауу кезінде желінге жасалынатын массаажды сынау, желінге жасалынатын массааждың оның сүт өнімділігіне және желіннің құрылымы мен пішініне әсерін зерттеу, массааж жасау үрдісінде жануарлардың этологиялық өзгергіштіктерін анықтау жүргізіледі. Зерттеу жұмыстары бойынша тәжірибедегі биелердің сүт өнімділігі деңгейінде бірқатар заңдылықтардың айырмашылығы табылды. Ең жоғарғы сауымның мөлшері массааж жасалған жануарлардың үлесінде болды, яғни алынған сауым – 1180,5 кг және сүтінің майлылығы – 2,34 %. Қолмен массааж жасалған биелер массааж жасалмаған биелер тобынан сүт өнімділігі бойынша – 347,6 кг-ға және сүтінің майлылығы бойынша – 0,39 %-ға артық өнім бердіі.*

***Кілтті сөздер:** бие, бие желіні, лактация, массааж, сауу жиілігі, сауым, сүт өнімділігі*

Кіріспе. Біздің елімізде өсірілетін қазақы жылқы тұқымдарының генетикалық потенциалы қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін биенің бірінші лактациядан сүт өнімділігінің деңгейі бойынша тұқымқуалаушылық қабілеттерін толықтай қолдану қажет. Ол үшін байталдар мен биелерді құлындауға дайындауын үйлестіруі қажет. Билердің

құлындауына оңтайлы азықтандыру мен күтіп-бағу жағдайларымен қатар, бие желініне жасалынатын массаж да маңызды элементерінің бірі болып табылады. Көптеген зерттеушілер қолмен жасалынатын массаждың ауылшаруашылық жануарларына (биенің, сиырлардың, ешкілердің) сүт бездерінің өсуі мен дамуына және сүт өнімділігіне тигізетін әсерін қарастырған. Н. Ф. Богдашев, А. П. Елисеев, А. Е. Мокеев, Н. Г. Беленький, П. И. Веселов, Г. И. Азимов, В. И. Иванов және тағы басқалары, биелер сүт бездерінің механикалық тітіркенуі оның жақсы өсуі мен дамуына жағдай жасайтынын, ағзадағы зат алмасуын арттыратынын, сүттің пайда болуын күшейтетінін, жануарлардың бірінші және кейінгі лактацияларындағы сүт өнімділігін арттыратынын дәлелдеген [1].

Бие желініне жасалынатын массажды зерттеген ғалымдардың нәтижелері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелер сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығының практикасында мұндай маңызды технологиялық әдістің кең таралуына мүмкіндік берді.

Массаж тек бие желініндегі сүт бездерінің ынталандыруына ғана әсер етпей, ол сонымен қатар өзінің функцияларын жүйке мен гуморальдық жүйелерінің бақылауында жүзеге асыратын бүкіл организмге әсерін тигізеді. Бие желініне жасалынатын массаж желіннің өсуіне және сүт өнімділігіне, сонымен бірге кейбір интерьерлік көрсеткіштеріне әсерін анықтау үшін ғылыми-шаруашылық тәжірибе өткізілді.

Биелердің сүт өнімділігін арттыру, сүт өндірісін жоғарылату, оның сапасын жақсарту және өзіндік құнын төмендету өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Заманауи технологиялардың жағдайында бие сүтін өндірудегі және оны ары қарай арттыру жолдары аса маңызды міндет болып саналады[2,3].

Ол үшін жылқы шаруашылығы саласында заманауи технологияның жағдайларында сүт өндіруінің өндірістік технологияға, сүт безінің жақсы дамуына, жануарлардың сүт өнімділігінің өсуіне дайындау әдістерін табу маңызды. Осындай әдістердің бірі ол биелердің желініне массаж жасау болып табылады. Бәріне мәлім, желінге массаж жасау арқылы ынталандыру сүт безінің жақсы дамуына, сауынның артуына және сүт майлылығының жоғарылауына мүмкіндік береді.

Бие желіні басқа ауылшаруашылық ұрғашы жануарларынан ерекшеленеді: ол ірі емес, жинақы, тегіс серпімді терімен қапталған. Екі окшауланған бөліктен тұрады (сүт дөңдері) – әр қайсысы бір емшектен тұратын оң және сол сәйкесінше.

Әрбір желіннің бөлігінде дербес альвеолаларымен, сүт жолдарымен, шығарушы өзегімен, цистерналарымен, емшек каналдары мен әбір емшегінде екі екіден болатын тесіктері бар алдыңғы және артқы екі үлесі болады. Әрбір желінің бөлігінде үш үлесшесі бар биелер сирек кездеседі. Сауу тәртібіне талаптарын өзгертетіндіктен желінің осындай құрылымы жағымсыз. Бие желісі көлемі жағынан үлкен болмағанымен, жақсы дамыған безді ұлпаның күшіне орай бие желісі көлемінен бірнеше есе арттыратын сиыр желісі өндіретін көлеміндей сүт өндіруге қабілетті. Биелердің сүт беруі қарқынды өтіп, ал желінің сыйымдылығы аз болғандықтан, сиырлармен салыстырғанда биелерді жиірек сауады. Үзіліспен бөлінетін сүт берілуі екі кезеңде өтеді. Бірінші кезеңде сүт 80–120 г/с жіңішке ағынмен бөлінеді. 15–20 с. кейін ағынның бөлінуі тоқталады, түскен сүттің мөлшері 10 % бір реттік сауыннан аспайтындықтан да, биелердің емшектері бос болады. Екінші фазада, 45–50 с. кейін, бие емшектері жаңадан сүтке толады да, оның – 50 бастап 60 г/с дейін, немесе 1,5–2 л сүт және желінің сыйымдылығына байланысты одан да көп, қалың ағынымен қарқынды бөлінуі басталады. Биелер саууының жетістігі – саууның шапшаңдығында, кері жағдайда сауынның мөлшері мен сүттің майлылығы төмендейді. Неғұрлым сүт берілуі тез өтеді, соғұрлым биелерде саууға рефлекс ертерек қалыптастырылады. Кейбір биелерде шудың әсерімен, сырқаттылықпен және т.с.с. байланысты сүт беруінің тежелуі жиі байқалады. Биенің бұл жағымсыз түйсіктерді өз құлының келтірілу, жағдайдың ауыстыру мен саууын жерінің қолайлы орта құру арқылы басады.

Бие желісінің көлемі 1,5 л аспағанымен, ол жоғары сүт беруімен ерекшеленіп, желінің тез толтырылуына мен оның тез босату қажеттілігіне әкеледі. Бұның барлығы биелерге бірқатар жақсы нәтижеге жету үшін ескеру қажетті ерекшеліктерін жүктейді.

Бие сүтінің өнімділігі мен химиялық құрамы: азықтық (рациондардың құрылымы мен құнарлылығы), физиологиялық (лактация айы, құлындау мерзімі, жасы және т.б.), технологиялық (сауынға енгізу мерзімі, сауынның толықтығы, сауынның еселігі) және т.б. факторларлардың әсерінен лактация бойы өзгеріп отырады [4,5].

Бие сүті химиялық құрамы жөнінен басқа ауыл шаруашылық малдарының сүтінен өзгеше болып келеді. Басқа малдардың сүтімен салыстырғанда бие сүтінде сүт қаныты өте көп болады. ал май, белок керісінше аз. Соның әсерінен бие сүтінің тәтті тіл үйретін дәмі бар. Қымыз дайындауға ауру емес таза биелердің сүтін пайдаланады, қышқылдығы 70 Т жоғары болмауы керек, тығыздығы 29–33 °А, ал майлылығы- 1% жоғары болуы тиіс.

Қазақтың ғылыми зерттеу технологиялық институты бие емшегінің үш түрлі формасы анықтап келтірген: 1. Тостағанша, 2. Сопақ, 3. Ешкі емшек тәріздес.

Тостағанша тәрізді емшектілер сүтті болып келеді, тәулігіне 12,05 л кем бермейді. Ал қалғандарының сүттері төмен 11,0–9,8 л аспайды. Қазақ жабы тұқымды биесінің сүттілігі тәулігіне 3,0-ден 4,5 литрге дейінгі мөлшерде аутқиды. Сондықтан да сұрыптау кезінде асыл тұқымды мейлінше сүтті биелерді іріктеп алған жөн. Солай еткенде ғана сүттіліктің орташа көрсеткішін көтеруге болады.

Табынды жылқы шаруашылығында биелердің сүттілігін олардың құлындарының бір айлық салмақ қосулары арқылы, яғни тек қана сүтпен қоректенетін мерзімдерінде анықтайды. Мұнда 1 кг салмақ қосу үшін 10 кг сүт шығындалады деп есептелінеді

Жылқы шаруашылығында қымыз өндіретін екі технологиялық бағыт бар: (маусымды) уақытша және тұрақты. Қымыз өндіретін сауын биелер қолда ұсталынғаны абзал. Қымызды дайындағанда негізгі жұмыс мезгілді және тұрақты сауын орындарын дайындап, ұйымдастыру жұмысын мамандар шешу керек. Үйірлі жылқы шаруашылығында жаз-күз айларында қымыз сауылады, олар екі-үш ай құлындар оттауға жерсінгенде барып, желге байланып биелер сауылуы керек, олардың әр басынан 500–600 кг сүт алуға болады. Қолмен сауғанда 15–20 бас бір сауыншыға бекітеді, ал тұрақты қымыз өндіру шаруашылықтары әзірше кең орын алмады.

Биелердің тәуліктік сүт сауымын бақылап және құлындарның енесімен түнгі мезгілде бірге болып емгендерін есепке төмендегі формуламен шығаруға болады: $U_c = U_T \cdot 24 / B$; мұнда: U_c – тәулік сүт сауымы, кг; U_T – тауарлы күндізгі сүт сауымы, кг; B – биелердің сауымдағы уақыты.

Биелердің сүт құрамында орташа 1,9–2,8 % ақуыз, 1,2–2,3 % май, 5,9–7,4 % қант бар. Ақуыз ең өкбі жабы жылқысында 3,4 %, май адай тұқымды биелерде 2,8 %, қазақ-қырғыз биелерінде 8 % дейін анықталған.

Уақытша сауын орындары бие-құлындарға бастырмалармен жасақталады, киіз үйлер қымыз сақтауға орнатылады. Сүтті биелер алғашқы 4–5 айында мейлінше көп береді. Барлық жағдайда сауын биені оның тірілей салмағы мен сүттілігіне қарай қосымша азықтан-дырылады – бұл тұрақты сауылған жағдайда.

Сүт беретін биелерге 1 кг сүтке негізгі азыққа қосымша қоректілігі 0,7 азық өлшемі болатын азық беріледі. Биелерді тек күндіз сауып, түнде құлынымен бірге жайылымда бағады. Сондықтан жылқыларды түнде баққанда шөбі шүйгін, мүмкін, болса қолдан жасалған (жоңышқалыққа) баққан тиімді [6,7].

Бие желіні басқа ауылшаруашылық ұрғашы жануарларынан анатомиялық құрылысымен және сүт беру физиологиясы бойынша ерекше келеді. А. Беляева, Г. Ермина, Г. Постникова, М. А. Коханова зерттеулері бойынша, анықталған, желін пішіні генетикалық тұрғыда шартталған белгі және сүт беруіне байланысты, негізгі эстерьерлерінің сүт бездері мен емшектерінің жиынтығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Биелердің желінін бағалау «Алтай» шаруа қожалығы жағдайында өтізілді, бие желінін бағалау лактацияның 3-ші айында көзбен көру арқылы жүргізілді, себебі бұл уақытта биелерден ең жоғарғы тәуліктік сауым алынады (кесте 1).

1-кесте – Тәжірибеге алынған биелердің желін параметрі, см

Өлшем	Желін пішіні			
	тостаған тәрізді		дөңгеленген	
	M±m	C _v , %	M±m	C _v , %
Желін ұзындығы	28,6±0,66	4,6	23,6±0,34	6,4
Сүт дөңдерінің тереңдігі	18,7±0,51	5,4	15,7±0,26	7,2
Емшектер арасындағы арақашықтық	8,6±0,34	7,9	7,0±0,23	14,1
Емшектерінің ұзындығы	5,5±0,13	4,7	5,0±0,20	17,7
Астыңғы жағындағы емшектерінің шеңбері	9,8±0,51	10,4	8,9±0,11	5,2

Бие желінінің морфологиялық және физиологиялық қасиеттерінің ерекшелігі белгілері сүт өнімділігімен қатар сүт бездерінің құрылымы бойынша сұрыптау асылдандыру жұмысын сәтті жүргізуге мүмкіндік береді.

Биелердің лактация периодын талдай отырып келесі мәліметтерге көз жеткіздік, яғни массаж жасалған жануарлардың сүт өнімділігі, ұқсас (аналог) биелеріне қарағанда сүт өнімділігі жоғары болды (кесте 2).

2-кесте – Тәжірибеге алынған екі жұп-аналог биелердің орташа сүт өнімділігі және химиялық құрамы


Өнімділіктің көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жануарлар тобы, n=5	
		тәжірибелік массаж жасалмаған	бақылау массаж жасалған
Өнімділік маусымында алынған сауым	кг	832,9	1180,5
Өнімділік маусымында алынған орташа тәуліктік сауым	кг	5,72	8,02
Сүттің құрамындағы майдың үлесі	%	1,95	2,34
Сүттің құрамындағы ақуыздың үлесі	%	1,55	1,64

Берілген 2-ші кесте мәліметтерін көріп отырғандай, өнімділік маусымында алынған сауым бойынша массаж жасалған жануарлар тобы, массаж жасалмаған тобынан артық өнім берген. Сауым бойынша тәжірибелік және бақылау топтарының айырмашылығы 347,6 кг немесе 29,4 %. Біздің мәліметтеріміз желінге қолмен массаж жасалған жануарлардың сүт өнімділігі жоғары екендігі Г.Г. Гусев, И.Д. Арнаутов, Н.Н. Кротов, А.С. Всяких (және т.б. зерттеушілердің деректерімен сәйкес келеді.

Келесі 3-кестеде лактация айлары мен биелерге қолмен массаж жасауына байланысты өнімділіктің өзгеру көрсеткіштері келтірілген. Лактациялық қисық көрсеткішінің сипаты бойынша елеулі айырмашылықтары болмады. Жануарлардың екі тобында да өнімділігінің максимальды көрсеткіші лактацияның екінші айында болды. Қалған период кезінде өнімділік көрсеткіші ақырындап түсе бастады. Екі топтың биелері да лактациялық көрсеткіш сызықтары бойынша өнімділіктің төмендеуі қалпыты болды (сурет 1).

3-кесте – Тәжірибеге алынған биелердің қолмен массаж жасауына байланысты лактация айлары бойынша сауым сүтінің өзгеруі

Жануарлар тобы	Көрсеткіштер	Лактация айы			
		1	2	3	4
тәжірибелік массаж жасалмаған n=5	сауым сүт	183	254	232	163
	май, %	1,95	1,84	1,81	1,98
	ақуыз, %	1,54	1,58	1,49	1,58
бақылау массаж жасалған n=5	сауым сүт	244	315	297	224
	май, %	2,34	2,28	2,29	2,44
	ақуыз, %	1,63	1,67	1,58	1,69



1 сурет – «Алтай» ШҚ-ғы тәжірибелік және бақылау тобындағы жануарлардың лактациялық қисық сызығының көрсеткіші

Біздің зерттеу жұмыстарымыз бойынша тәжірибедегі биелердің сүт өнімділігі деңгейінде бірқатар заңдылықтардың айырмашылығы табылды. Ең жоғарғы сауымның мөлшері массаж жасалған жануарлардың үлесінде болды, яғни алынған сауым – 1180,5 кг және сүтінің майлылығы – 2,34 %. Кесте мәліметтерінен және те диаграмма сызықтарын көріп отырғандай қолмен массаж

жасалған биелер массаж жасалмаған биелер тобынан сүт өнімділігі бойынша – 347,6 кг-ға және сүтінің майлылығы бойынша – 0,39 %-ға артық өнім берді.

«Алтай» ШҚ-ғы қазақы жабе типті жылқы тұқымының биелері тәулігіне бірнеше рет сауылып отырылды олардың жиілігі 1,5–2 сағаттан болды. Сүттілігі олардың сауу жиілігіне байланысты, осыған орай сүт мөлшері тәулігіне 7-ден 10,5 литрге дейінгі мөлшерде аутқиды кесте 3. Сондықтан да сұрыптау кезінде асыл тұқымды сүтті биелерді шаруашылықта мейлінше іріктеп алған жөн.

4-кесте – Сауын биелерінің төрт ай мерзімдегі тәуліктік бақылау саулымы (л) есебімен

Сауын биелері	Желін пішінінің түрлері	Саулым айлары және тәулік бақылау саулымы				Тәуліктегі орташа көсеткіш	Бір айдағы жалпы өнім	Төрт айдағы жалпы өнім
		1-ші ай	2-ші ай	3-ші ай	4-ші ай			
Арика	Тостған пішінді	9,7	10,2	10,8	9,3	10,0	300,0	1200,0
Вершина	Домалақ пішінді	6,6	7,4	7,2	6,9	7,02	210,6	842,4
Звездочкаа	Тостаған пішінді	8,5	9,4	9,7	8,3	8,98	269,4	1077,6
Лаванда	Домалақ пішінді	8,0	8,5	8,6	7,3	8,10	243,0	972,0
Эмилия	Домалақ пішінді	7,5	8,4	8,2	6,8	7,72	231,6	926,4

Берілген 4-ші кесте мәліметтерінде тостаған пішінді биелер жоғарғы сүт беру өнімділігімен ерекшелінді, соның ішінде Арика сауын биесі шаруашылық бойынша ең жоғарғы өнімділікпен ерешелінді тәуліктік орташа көрсеткіші 10 л, ал төрт айдағы жалпы тауарлық өнім 1200 л құрады.

Қорытынды. «Алтай» ШҚ-ғы жағдайында биелерге қолмен массаж жасау олардың физиологиялық қызметінің активті болуына жағымды әсерін тигізеді. Массаж жасау арқылы сүт бездерін ынталандыру биелер желінін морфологиялық белгілерін және функцияналдық қасиеттерін жақсартады. Тәжірибедегі биелер желініне жасалған массаж салыстырылып отырылған құрбыларынан сүт өнімділігі бойынша 347,6 кг-ға және сүтінің майлылығы бойынша – 0,39 %-ға жоғарлауына жағдай жасады.

Әдебиеттер

1. Лукманова Л.С. Молочная продуктивность кобыл башкирской породы и их помесей с жеребцами казахской породы типа джабе с учетом различных факторов : дисс. на соиск. канд. с/х. наук: – Москва. – 2005. – с.60-81
2. Сайгин И.А. Рефлекс молокоотдачи у кобыл // Краткая информация о результатах научных работ за 1967–1968 г.г. – Уфа, 1970. – 36 с.
3. Мулдаханов Н.Р. Совершенствование методов отбора кобыл для кумысных ферм в условиях табунного коневодства : автореф. дисс. канд. с.-х. наук. – Дивово; ВНИИК, 1998. – С. 14–20
4. Давидов Р.Б. О некоторых факторах влияющих на содержание жира в молоке // Животноводство. – М., 1964. – № 11. – С. 67–69
5. Дюсембин А. Закономерности молокообразования и молокоотдачи у кобыл и некоторых видов жвачных животных : автореф. дисс. канд. с.-х. наук – Алма-Ата, 1970. – С. 6–10
6. Костенко Е. Влияние массажа вымени нетелей на их продуктивность // Молочное и мясное скотоводство, 1980, – № 6. – С. 13–14
7. Всяких А. С. Стимуляция развития вымени путем его массажа у нетелей. – М.: Колос, 1981, – С. 187–193

ВЛИЯНИЕ ЧАСТОТЫ ДОЕНИЯ И МАССАЖА ВЫМЕНИ КОБЫЛЫ НА МОЛОЧНУЮ ПРОДУКТИВНОСТЬ

Т.Ш. Асанбаев, А.А. Темиржанова, К.Х. Нуржанова, А.С. Смаил

В статье выявлено, что массаж вымени влияет на развитие молочной железы, увеличение дойки и повышение жирности молока. Во время доения кобылы проводится испытание массажа на вымя кобылы, исследуется влияние массажа на молочную продуктивность, структуру и форму вымени, определение этологической изменчивости животного во время массажа.

THE EFFECT OF FREQUENCY OF MILKING AND UDDER MASSAGE OF MARES ON MILK PRODUCTION

T.Sh. Asanbaev, A.A. Temirzhanova, K.H. Nurzhanova, A.S. Smail

In the article it was revealed that the massage of vitamins grows on the cultivation of milk molasses, the increase of the dough and the increase of fatness. In addition, during the whole period of massage, the molecular productivity, the structure and shape of the venias, the ethnological resurgence of living and the massage of massage are examined.

МРНТИ: 69.01.11

Г.А. Аубакирова, Ж.Б. Куанчалеев, К.Н. Сыздыков, Р.А. Керимбаев
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Астана

АНАЛИЗ ПОТРЕБНОСТИ В ЗНАНИЯХ СУБЪЕКТОВ РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА

Аннотация: В статье проанализированы пробелы и потребности в новых знаниях субъектов рыбного хозяйства и даны рекомендации для разработки современных обучающих модулей, наиболее полно соответствующих ожиданиям субъектов рыбного хозяйства.

В качестве устойчивого сектора АПК рыбное хозяйство еще не сформировалось. Основными сдерживающими факторами в данном направлении агробизнеса является: дефицит информации в сфере технологических требований, направлениях сбыта и других необходимых параметрах; отсутствие знаний об оптимальных технологиях разведения объектов аквакультуры; должной компетенции в сфере рыбной деятельности; необеспеченность частных рыбных хозяйств специализированными кормами.

Для решения вышеуказанных проблем необходимым является создание информационно-консультационной системы для обеспечения предпринимателей современными технологиями выращивания рыбы.

Ключевые слова: рыбная продукция, опрос, получение информации

Рыбная продукция составляет один процент всей мировой международной торговли в стоимостном выражении, и более девяти процентов глобального сельскохозяйственного экспорта.

В Государственной программе развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы отмечается, что на сегодняшний день в Казахстане основные рыбные ресурсы вылавливаются в естественных водоемах, при этом слабо развита аквакультура.

Для увеличения самообеспеченности населения страны рыбой необходима реализация политики импортозамещения, одной из основ которой является развитие отечественного рыбного товаропроизводства.

В качестве устойчивого сектора АПК рыбное хозяйство еще не сформировалось. Основными сдерживающими факторами в данном направлении агробизнеса является: дефицит информации в сфере технологических требований, направлениях сбыта и других необходимых параметрах; отсутствие знаний об оптимальных технологиях разведения объектов аквакультуры; должной компетенции в сфере рыбной деятельности; необеспеченность частных рыбных хозяйств специализированными кормами.

Для решения вышеуказанных проблем необходимым является создание информационно-консультационной системы для обеспечения предпринимателей современными технологиями выращивания рыбы.

Для этих целей, АО «Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина» (далее – КАТУ) в рамках реализации Проекта Правительства Республики Казахстан и ПРООН «Оказание поддержки Правительству Республики Казахстан в реализации Концепции перехода к зеленой экономике и институализации Программы Партнерства «Зеленый Мост» в 2017 году разработал специализированные обучающие модули по вопросам развития рыбного хозяйства.

С целью разработки структуры и содержания семинаров, наиболее полно отвечающих потребностям субъектов рыбного хозяйства, было проведено анкетирование более 130 человек для выявления пробелов и потребностей в области рыбного хозяйства.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ

Т.Ш. Асанбаев, А.А. Темиржанова, К.Х. Нуржанова, А.Э.Токтасынова АДАПТАЦИОННЫЕ КАЧЕСТВА НОВОАЛТАЙСКОЙ ПОРОДЫ ЛОШАДЕЙ В УСЛОВИЯХ СТЕПНОЙ ЗОНЫ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ.....	176
Н.Ж. Кажғалиев, А.Б. Маханбетова, С.Б. Майгарин СЕЗОННАЯ ИЗМЕНЧИВОСТЬ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СПЕРМОПРОДУКТИВНОСТИ БЫКОВ- ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ МЯСНЫХ ПОРОД.....	180
Т.Ш. Асанбаев, А.А. Темиржанова, К.Х. Нуржанова, А.С. Смаил БИЕЛЕРДІ САУУ ЖИЛІГІ МЕН ЖЕЛІНГЕ ЖАСАЛАТЫН МАССАЖДЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ.....	184
Г.А. Аубакирова, Ж.Б. Куанчалеєв, К.Н. Сыздықов, Р.А. Керимбаев АНАЛИЗ ПОТРЕБНОСТИ В ЗНАНИЯХ СУБЪЕКТОВ РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА.....	189
С.Ы. Алимкулова, К.Д. Алиханов, М.Ч. Итенов, А.Б. Абжалиева ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА МЯСА ПТИЦ ПРИ САЛЬМОНЕЛЛЕЗЕ, КОЛИБАКТЕРИОЗЕ И ИХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНАЯ ДИАГНОСТИКА.....	191
Г.К. Әділбай, К.Д. Алиханов, Г.Е. Алпысбаева, Ж.Н. Кудайбергенова ОПРЕДЕЛЕНИЕ ОСТАТОЧНЫХ КОЛИЧЕСТВ АНТИБИОТИКОВ В КОБЫЛЬЕМ МОЛОКЕ.....	196
М.Қ. Иманғазиев, О.О. Тагаев, Б.Б. Барахов, Қ.Д. Алиханов МАЛ СОЙЫС ЦЕХЫНДАҒЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ДЕЗИНФЕКЦИЯНЫҢ ЕТ ҚАУПСІЗДІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІНЕ БАҒА БЕРУ.....	200
А.А. Келисбаева, Г.Е. Алпысбаева, А.А. Малдыбаева, Ж.Н.Кудайбергенова СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИЗУЧЕНИЕ БАКТЕРИЦИДНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕЗИНФИЦИРУЮЩИХ ПРЕПАРАТОВ НА ОСНОВЕ ПОВЕРХНОСТНО-АКТИВНЫХ ВЕЩЕСТВ В ЛАБОРАТОРНЫХ УСЛОВИЯХ.....	203
D.A. Ybrashev, K.D. Alikhanov, K.M. Romashev, A.A. Taipova COMPARATIVE EVALUATION OF CHICKEN EGGS ON MICROBIOLOGICAL INDICATORS.....	207
A.A. Olzhabek, S.K. Kuntubek, G.A. Seitimova, G.Sh. Burasheva AMINO ACID AND VITAMIN CONTENTS OF THE PLANT COMPOSITION AS PREMIXES.....	211
Д.К. Сабдинова ДИНАМИКА ЧИСЛЕННОСТИ ПАРНОКОПЫТНЫХ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	215
Д.К. Сабдинова ДИНАМИКА ЧИСЛЕННОСТИ ПАРНОКОПЫТНЫХ В ГНПП "БУРАБАЙ".....	219
М.М. Омаров, А.Р. Акимбеков РАЗВЕДЕНИЕ КАЗАХСКИХ ЛОШАДЕЙ ТИПА ЖАБЕ ПО ЛИНИЯМ И МАТОЧНЫМ СЕМЕЙСТВАМ.....	224